**Қарағанды облысы білім басқармасының**
**Шет ауданы білім бөлімінің**
**"Дарья жалпы білім беретін мектебі" КММ**
**Тәрбие жұмысы бойынша талдауы**
**2024-2025 оқу жылы**

Тәрбие үрдісін сапалы жүргізу мақсатында мектебімізде сыныптар сынып жетекшімен толық қамтылған. Әр сыныптың сынып жетекшісі жоғары білімі бар ұстаздар. Сынып жетекшілері жыл басында бекітілген тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізді. Жыл басында сынып жетекшілеріне лауазымдық нұсқаулық таныстырылды. Сынып жетекшілер Біртұтас тәрбие бағдарламасымен жұмыс жүргізеді. Сынып жетекшілердің жұмыс жоспары жасалған, мақсат, міндеттері көрсетілген. Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтарына сәйкес құрылған жоспар бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды. Оқу жылы басынан әр сыныпта сынып сағаттары және саптық жиын өтіліп, өткен аптаның қорытындысы шығарылып отырады.

Мектеп бойынша барлық оқушы саны –70;
Сынып комплектісі - 15;
Оның ішінде:
-1-4 сынып - 22;
-5-9 сынып –38;
-10-11 сынып-10;
Әлеуметтік жағдайы бойынша барлығы- .
Көп балалы отбасынан – 12 оқушы,
Толық емес отбасынан –6 оқушы,
Азқамтылған отбасынан – 0

"Біртұтас тәрбие " бағдарламасының жоспар негізі Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы бойынша жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

***МАЗМҰНЫ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН:***
тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік,
жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарға негізделген.

***БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:***

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы <u>құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін</u> айқындайды:

- ұлттық мүддені ілгерілету;
- тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;
- қоғамға қызмет ету;
- этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
- инновациялық ойлау;
- идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

***АЙ САЙЫН:***

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

***КҮНДЕЛІКТІ:***

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»
«Өнегелі 15 минут»
«Үнемді тұтыну»
«Күй күмбірі»

***АПТА САЙЫН:***

«Менің Қазақстаным»
Аптаның дәйексөздері
«Қауіпсіздік сабағы»

***АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ***

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
Буллингтен қорған!
Ойынға салауатты көзқарас;
Өмірге салауатты қадам;
Қоғамдық мүлікті қорға!
Қауіпсіз қоғам.

***ЖОБАЛАР***

Балалар кітапханасы
Қамқор
Еңбегі адал – жас өрен
Шабыт
Ұшқыр ой алаңы
Smart bala

жобалары ұсынылады

**Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемле кеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы
3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім дең гейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы
5. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үл геріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидала рын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы
6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар дың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы
7. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін гі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту мини стрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы
8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім бе руді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын еске ре отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы норма тивтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы
9. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сон дай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы
10. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы
11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші бас шыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы
12. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші бас шылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. № 57 бұйрығы
13. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту

туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы
14. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негіз гі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы
15. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитари ялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау ми нистрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы
16. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы
17. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту тура лы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы
18. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұй ымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қы зметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы
19. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұй ымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қы зметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы
20. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы
21. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асы ратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы
22. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі ту ралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы
23. «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дай ындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиада лардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту мини стрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы
24. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республика лық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тіз бесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы
25. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы
26. «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұй ымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы
27. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидала рын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы
28. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап

отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы
29. «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы
30. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қа зақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан дағы № 518-IV Кодексі
31. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы
32. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламат тығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жыл дарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы
33. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтары на әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы
    «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жобаларын іске асыру:** ***«Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы»***

**Жобалар** – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары.

**"Қамқор"** – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

**"Қамқор" жобасы** аясында мектеп парламенті мүшелері «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»акциясын ұйымдастырды. Мектеп ауласын тазалау жұмыстарын жүргізді. Мектеп ауласын қардан тазалауға қол ұшын берді. "Қамқор" жобасы аясында "Табиғатты қорғаймыз" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты оқушыларды табиғатты сүюге, қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу. Қайырымдылық күніне орай мектебімізде «Жақсылық жасап жарысайық» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырылды. Қайырымдылық күніне орай қарттарға көмек көрсету мақсатында мектептің еріктілері жалғыз басты қарттарға барып көмектерін көрсетті. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы аясында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына мектеп ұжымы, кіші қызметкерлер мен ата-аналары және оқушылары белсенді қатысты. Іс-шара барысында мектеп аумағы, жақын маңдағы көшелер қоқыстан тазартылып, ағаштардың түптері әктеліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Барлық қатысушылар өз үлестерін қосып, табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етті. Бұл акция — тек тазалық сақтау ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақты табиғатты аялауға баулудың тиімді жолы.

«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджіне жыл сайын мектеп бітіруші түлектер (9 және 11сыныптар) мектеп аулаларында ағаш отырғызады.

https://www.instagram.com/p/DBF60cltsh1/?igsh=aXNneWl5Mzk4b2E3
https://www.instagram.com/p/DDEbLR8se-i/?igsh=bDJ0c3dmZ2N6cnNp
https://www.instagram.com/p/DHpzirEMDAe/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/DHLUrRotGbN/?igsh=YXNmeWhzZWUzaDc3
https://www.instagram.com/p/DHLhMbUsYYb/?igsh=aHplbzF0dzVoZ2R1
https://www.instagram.com/p/DHSmg8ysVtU/?igsh=YzVtanBnamY1Yng3
https://www.instagram.com/p/DH8Wi13Mzmj/?igsh=dnZjYW40eDA2M2pt
https://www.instagram.com/p/DIQ_S9kMrx8/?igsh=Zzdwa2xzajl3M3Ju
https://www.instagram.com/p/DHXglF7omVC/?igsh=MXJ4c3h0MGkyazBycg
https://www.instagram.com/p/DGursFtsj-C/?igsh=aWpndmFpanFiZzd1
https://www.instagram.com/p/DGiW68psSuL/?igsh=MzVnaGZmMnhvdDU=
https://www.instagram.com/p/DGfh5JQsT4p/?igsh=MWd5eXppNTNnNzNhaw==\
https://www.instagram.com/p/DGfgt0qsyTa/?igsh=MWp2azh3ZG12ZzB0bA==
https://www.instagram.com/p/DEzQ9y3sgqY/?igsh=MWYzZHpzYjRuYnJscA==

"**Еңбегі адал – жас өрен"** – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

**"Еңбегі адал жас өрен"** жобасын жүзеге асыру бойынша "Мамандықтар әлемі" тақырыбында мамандармен кездесу өтті. "Еңбегі адал жас өрен" жобасы шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді. Бұл шара оқушыларға еңбекқорлықтың арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру арқылы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған, болашақ мамандық таңдауда маңызды. "Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын іске асыру мақсатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. «Біз әр еңбекті бағалаймыз» тақырыбында челендж өткізілді. "Еңбегі адал - жас өрен" жобасын іске асыру мақсатында "Күзгі асар"тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/DA83JE8KvHr/?igsh=Z2Nmb2NicXgwMHBt
https://www.instagram.com/reel/DBF-zxVsHxN/?igsh=cmpzb3BxZG8zdHhn
https://www.instagram.com/p/DB8gX6lstXV/?igsh=MXNoa2hndjMxOWV0bQ==
https://www.instagram.com/p/DB8hLsCMdCH/?igsh=aXVnYXc2dXA0ZDFz
https://www.instagram.com/p/DB8hLsCMdCH/?igsh=aXVnYXc2dXA0ZDFz
https://www.instagram.com/reel/DB8v0NEse_e/?igsh=MTh5cnVvdXJjdm5kaA
https://www.instagram.com/p/DCyzuF_MhKO/?igsh=MWp2ZWp2YXY5bG9zZA
https://www.instagram.com/p/DB9EKUOMsM_/?igsh=OTUzMm9qaHd6ZjJu
https://www.instagram.com/p/DB9EKUOMsM_/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/DC2-auDoNFG/?igsh=cGdsbmdiazU5ZmFo
https://www.instagram.com/p/DDYoUe2IL_P/?igsh=YjdxNDZ2ZjFxNjFq
https://www.instagram.com/p/DBL9j2nM_i9/?img_index=4&igsh=YjlwMGsxNHd3a3M1

**"Шабыт" жобасы**– білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
Шабыт жоба аясында ұстаздар күніне орай «Даналық ұстаздан» челленджін жарияланды. Челлендж «Ұстазым» әні (әні: А. Дүйсенов, сөзі: Б. Шомбеков) бастамасымен өткізілді. Орындаған: 5- 6 сынып оқушылары. Мектепішілік «Ұстазға тағзым» онлайн құттықтау акциясына 1-11 сынып оқушылары қатысты. Акция барысында оқушылар өздерінің сүйікті ұстаздарына арналған жылы лебіздерін, шығармашылық жұмыстарын және видеоқұттықтауларын жолдады. Ұстаздар күніне орай 10-11 сынып түлектері «Дублер күнін» ұйымдастырды. Бұл күні оқушылар ұстаздарының рөлін өздеріне алып, сабақтарды жүргізді. Олар мұғалімдердің күнделікті жұмысына еніп, пәндер бойынша сабақ беріп, сыныптағы тәртіпті сақтауға тырысты. Дублер күнінің мақсаты – ұстаздардың еңбегін бағалау, олардың рөлін түсіну және білім беру процесіндегі жауапкершілікті сезіну болды.
«Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді. Мектебімізде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық мәдениет көрмесін» ұйымдастырылды. Бұл көрме қазақ халқының бай мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын дәріптеуге арналды. Көрмеге әр сыныптан оқушылар қатысып, қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін көрсететін түрлі экспонаттар мен қолөнер бұйымдарын, ұсынды. Мерекелік шара барысында оқушылар қазақтың ұлттық мәдениетін тереңірек танып-білуге мүмкіндік алды, өзара ынтымақтастық пен достық атмосферасы қалыптасты. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткізілген бұл іс-шара мектеп қауымдастығында үлкен қызығушылық тудырып, Наурыз мерекесінің рухын сезінуге септігін тигізді. «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер байқауы өткізілді. «Ананың аялы алақаны» челленджі ұйымдастырылды.Бұл шара аналарға деген құрмет пен алғысты білдіру мақсатында ұйымдастырылып, оқушылардың патриоттық сезімін арттыруға және отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталды. Ән орындау арқылы балалар аналардың мейірімі мен қамқорлығын дәріптеп, олардың еңбегін бағалаудың маңыздылығын түсінді. Мектепішілік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерт барысында оқушылар әндер орындап, өлеңдер оқып, би билеп, тамаша өнер көрсетті.«Алғыс айту парызым» анаға деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдіретін қысқа бейнероликтер түсірді.«Домбыра күні» ұйымдастырылды. Ұлттық құндылығымыздың бірі болған қасиетті қара домбыра көнеден қалған асыл мұрамыз, көзіміздің қарашығы әрі ұлттық кодымыздың айнымас бөлігі.
https://www.instagram.com/reel/DAp8jgcsaGn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/DHStcA4MXws/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/DH0gfArMNSe/?igsh=Z2h3aXFndG96c2Ux
https://www.instagram.com/p/DHsIxLINn9B/?igsh=MWQ1c2EzNjB2dXlhaw==
https://www.instagram.com/reel/DHf4i0XMZdg/?igsh=ZXJzMjBhMTlnN3E4
https://www.instagram.com/reel/DHa2tyHsVIo/?igsh=bW82amd5MXdzb3Q5
https://www.instagram.com/reel/DHaVlxPMGEG/?igsh=Y2YwcHdlaGgxMnlj
https://www.instagram.com/p/DHStcA4MXws/?igsh=eDNmaWZtbHlmNHNk
https://www.instagram.com/reel/DEcH_7csZ0l/?igsh=eGh3azRxZmgxYmtu
https://www.instagram.com/reel/DECJBo9sx50/?igsh=Zjk1bzNhOWdsYjVp
https://www.instagram.com/reel/DDe9KdEMxY2/?igsh=czUwNjB1eWxsdjUx
https://www.instagram.com/p/DDOjb9Bq75D/?igsh=bWp6MTR3cXdkMjg=

**«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ**

**Мақсаты:** тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында біздің мектепте Дебат клубы жұмыс жасайды. Клубтың таныстыру жиналысы өтті, жаңа мүшелер қабылданды. Мектепішілік дебат ойыны өткізілді."Ұшқыр ой алаңы" жобасы аясында қараша айында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оқушыларды адалдыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен «Жасанды интеллект зиян ба?» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу тақырыбында пікірсайыс өткізілді. «Жемқорлық індет – жою міндет» пікісайыс өтті. «Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді» пікірсайыс өтті. «Бала құқығы – адам құқығы» пікірсайыс өтті. «Экологтардың жаңа мүмкіндіктері» пікірсайыс өтті.

https://www.instagram.com/p/DBJP-zdsf3B/?igsh=YzBlcTlndmRwaWZ0
https://www.instagram.com/p/DE7fhXfMi-O/?igsh=MWl0dWl5OGg4bmozbA=
https://www.instagram.com/p/DGnHhz-sTjl/?igsh=MTl3YnJhYWNwN2E5Ng==
https://www.instagram.com/p/DG0XzpWs5dH/?igsh=MTNzazhidm9pZnA2dw==
https://www.instagram.com/p/DHdVaDdsqIe/?igsh=cmo2cWFzZDRibHAz
https://www.instagram.com/p/DGnHhz-sTjl/?igsh=Y2k5NGNjZmpvNGU3
https://www.instagram.com/p/C_KST2gtrvb/?igsh=bmRlYm03ZzJkaW01
https://www.instagram.com/p/DBJP-zdsf3B/?igsh=MXdmMTIxaml2bGVvMg==
https://www.instagram.com/p/DCyx3y6s6hu/?igsh=dWxkajhyNzRxdG4w

**"Smart bala"** – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

"SMART BALA" жобасын іске асыру мақсатында жасөспірімдерге бағытталған стартап идеяларымен таныстыру жұмыстары өткізілді. Оқушылар мектеп өмірін жақсартуға және жасөспірімдердің күнделікті мәселелерін шешуге бағытталған бірнеше инновациялық тұжырымдамаларын ұсынды. Идеялар оқу процесін жеңілдететін мобильді қосымшаларды, оқу материалдарымен алмасуға және мектеп қауымдастығын құруға арналған платформаларды, сондай-ақ шығармашылық және спорттық дағдыларды дамытуға қатысты стартаптарды қамтыды. Әрбір қатысушы өзінің мақсатты аудиториясын түсінетінін көрсетті, модельдер әзірледі және жобаларды жүзеге асырудың практикалық жолдарын ұсынды. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DDJ2sOzMrb6/?igsh=MTRpemR0ZTg1dW55ag==
https://www.instagram.com/p/DFo_wz1MdUZ/?igsh=MTdud2p2cTlva2l5ZQ==
https://www.instagram.com/p/DHsM_QQNBJI/?igsh=d3Zoeml6NjRnemd0
https://www.instagram.com/p/DBvYnCiMvH0/?igsh=eXRqN3o0Z2Z1d2pz
https://www.instagram.com/reel/DCy1HR5MFt_/?igsh=MWlxcDl3anViYjNxcw==
https://www.instagram.com/reel/DBvTAdmM4lB/?igsh=MXQweDNsdzdlOHR6Yg==
https://www.instagram.com/p/DC83CCys1EN/?igsh=MXUzempzY2o1MW96YQ==
https://www.instagram.com/p/DDHHO5dsj46/?igsh=czhjZnc1M3I0eHZw
https://www.instagram.com/p/DDHZSZrMoDP/?igsh=MTh0ZzhzYjBxNjB1aQ==
https://www.instagram.com/reel/DDgMsSvonm3/?igsh=bjg4bWc0N3BpNHd6

**«Балалар кітапханасы»** жобасын іске асыру мақсатында оқушыларға қазақ балалар әдебиетінің классиктерінің өмірі мен шығармашылығы жөнінде түсіндіру,оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап

оқуға сүйіспеншілігін арттыру,кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру мақсатында шаралар жоспарланды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебімізде қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты оқушыларымен әдеби кештер, "Демалыста кітап оқимыз" республикалық кітап оқу марафоны оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында «Демалыста кітап оқимыз» атты республикалық кітап оқу марафоны жыл бойы барлық каникул кезеңдерінде өткізілді. Марафонға 1–11 сынып оқушылары түгелдей қатысады. Әр каникул сайын марафонның тақырыптық бағыты өзгеріп, қызықты форматта өтеді. Бұл оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай жүргізілді. Қысқы каникул уақытында балалар демалыстарын босқа өткізбей «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты республикалық челлендже қатысып кітап оқумен айналысты. 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектебімізде «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі ұйымдастырылды. Челлендж барысында оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарын таныстырып, олар туралы пікірлерімен бөлісті. Мектепте арнайы стенд ұйымдастырылып, онда әрбір қатысушының кітап сыйлаған сәті суретке түсіріліп, көрмеге қойылды. Сонымен қатар, мектептің кітапханашылары мен мұғалімдері оқушыларға кітап таңдауда көмек көрсетіп, әдебиет әлеміне саяхат жасауға шақырды. Челленджідің қорытындысы бойынша ең белсенді қатысушылар марапатталып, оларға арнайы сертификаттар мен сыйлықтар табыс етілді. «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі – бұл тек қана кітап сыйлау емес, сонымен қатар достықты, ынтымақтастықты және білімге деген құштарлықты нығайтуға бағытталған тамаша мүмкіндік. Қазақтың атақты жазушысы, тарихи жазушы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Ілияс Есенберлиннің 110 жыл толдуына орай «Мерейтой суреті» кітап көрмесі ұйымдастырылды. «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» орай «Менің сүйікті кітабым – Абай шығармалары» республикалық челленджі аясында 1-11 сынып оқушылары, пән мұғалімдері, кітапханашы, сынып жетекшілері, мектеп басшысы, басшының оқу ісі меңгерушілері, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қатысты.

https://www.instagram.com/share/BACJk5SJMG
https://www.instagram.com/share/BAK5O6YwuE
https://www.instagram.com/share/_hppQyOeE
https://www.instagram.com/share/BAOtw14B7p
https://www.instagram.com/share/BAb4u76zz5
https://www.instagram.com/share/BAIAZpDdqG
https://www.. instagram com/share/BAHhVPeCLB
https://www.instagram.com/share/BAMoIOMGQk
https://www.instagram.com/share/_yOkynZCc
https://www.instagram.com/share/BAAxauFy2j
https://www.instagram.com/p/DD_6wcLM_Yo/?igsh=MTR3NHE2a3FvYjc4dg

https://www.instagram.com/p/DD_67UPMx5Y/?igsh=dXBmMnBndnUweG9j
https://www.instagram.com/reel/DD6Lc7QABsh/?igsh=MXY5cHFkdGlmOTA4Ng
https://www.instagram.com/p/DD_67UPMx5Y/?igsh=dXBmMnBndnUweG9j
https://www.instagram.com/p/DEWxsRzMV3K/?igsh=ajl5ZG43bmhpdG95
https://www.instagram.com/p/DEjleqBM4i5/?igsh=MWlmaDd2bGlneXRmbA
https://www.instagram.com/reel/DE7FwxOsB32/?igsh=MXRpaDRxMTAyNWhzbQ==
https://www.instagram.com/p/DE7fzOEMACS/?igsh=MWQ2eWhvang5YTlrdg==
https://www.instagram.com/p/DE7fRHAsT3s/?igsh=NXhtbXRjNnhqeGZx
https://www.instagram.com/p/DFfSqyhM5QE/?igsh=MWh3YzkwbXo5Yjdmbw=
https://www.instagram.com/reel/DGCcSfyIXit/?igsh=MTI4OHR0aDlxaDVjdw==
https://www.instagram.com/p/DGU0MsBMX-r/?igsh=ZWVyY3gzbWI1Z2t3
https://www.instagram.com/p/DHSpKAmMBEw/?igsh=MTloeGJ1a2xoYmdw
https://www.instagram.com/p/DHa8kwZs3DE/?igsh=MXFveGNjM3JreDVtcA==
https://www.instagram.com/p/DHsIxLINn9B/?igsh=aTA5a21tdWoxZDN1
https://www.instagram.com/p/DH8WAgOMIzt/?igsh=bXdsZWlxNDVvZHY5
https://www.instagram.com/reel/DGCcSfyIXit/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша** іс шаралар атқарылды. Оның ішінде орталық жанынан «Даналық мектебі» құрылды. АПҚО-да 1-4 сынып оқушылары ата-аналарына ай сайын «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы», «Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру», «Назар аударуды дамыту», «Логикалық ойлауды үйрену» сияқты тақырыптарда дәрістер



өткізілді. 5-8 сынып оқушылары ата-аналарына жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне қарай сынып жетекшілерімен бірлесіп Дәрістер ұйымдастырылды. 10-11 сынып ата-аналарына арналған дәрістер тұлғаның қалыптасуына бағытталды. «Даналық мектебі» бойынша «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Женше кеңесі», «Аналар мектебі» және «Аталар мектебі» бөлімдері әр айға іс-шаралар жоспарланып,



жауаптылар бекітілді. «Ата өсиеті» бағыты бойынша Желтоқсан айында «Атадан қалған асыл мұра» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – ата-баба мұрасын насихаттап, жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру. Шара барысында оқушылар өз ата-әжелерінен естіген өнегелі әңгімелермен бөлісті, Жауаптылар: Ф. Даткина, З. Аманжол, А. Әбдіғалпар, А. Азил. Әже даналығы бағыты бойынша қазан айында «Әжелер сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шараға мектеп оқушылары мен ардақты әжелер шақырылып, ұлттық тәрбие, үлкенді сыйлау, салт-дәстүрді сақтау туралы тағылымды әңгімелер қозғалды. Әжелер немерелеріне арнап ақыл-кеңес беріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, әжелер үйреткен ұлттық тағам түрлері мен қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шара

